



Астана қаласы

2023 жылғы қазан

Баспасөз хабарламасы

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалін 2023 жылғы қазанда қашықтық форматында өткізеді.

Фестивальдің мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.

Фестивальдің өңірлік кезеңдеріне 96 065 оқушы қатысты. Фестивальдің республикалық кезеңіне облыстық, қалалық (Астана, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің 150 жеңімпаздары қатысады.

Фестивальдің қатысушылары Фестиваль номинацияларының біріне: үздік фильм, ойынды кино, STOP-MOTION-видео, өткір әлеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеөнім, музыкалық клип, телевизиялық сюжет, киножурнал, ғылыми кино сияқты өз қысқаметражды жұмыстарын ұсынады.

Фестиваль балаларға қосымша білім берудің көркемдік-эстетикалық бағыттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, бала тұлғасын тәрбиелеу және шығармашылық дамыту, балаларды бос уақытын қамтуды ұйымдастыру мәселелерін шешу мақсатында мектептің тәрбие және білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Фестиваль қатысушыларға әр түрлі бағыттағы кинороликтердің авторлары ретінде алғашқы сынамалары арқылы өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Фестивальді өткізу балалардың экрандық шығармашылығын дамытуға, қысқаметражды фильмдер жасауға қызығушылықты арттыруға, ұлттық мәдениетті сақтауға ықпал етеді.

Фестиваль балалар мен жастар ұжымдарын қолдау мен дамытуға, олардың шығармашылық қарым-қатынасына жағдай жасауға, неғұрлым қабілетті, шығармашыл тұрғыдан дамыған және кәсіби болашағы бар балаларды анықтауға, оларды кино әлеміне тартуға, мәдениет қайраткерлерінің, мемлекеттік институттардың назарын дарынды орындаушыларға және олардың жұмыстарына тартуға бағытталған.

По итогам Фестиваля победители получают дипломы и призы, руководители победителей – благодарственные письма, все участники – сертификаты.

Фестивальдің қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар – сертификаттар алатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: 8 (7172) 64-75-93, e-mail: sotsped21@bk.ru